

Бекітемін
«Балақай» бөбекжай-бақшасы МКҚК
менгерушісі Ж.Т. Наралиева

«Әжелер мектебі» жоспары

"Әжелер мектебі" жоспары – бұл мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді таныстыру мақсатында тәжірибелі әжелердің қатысуымен ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары. Бұл жоба балалардың тәрбиесіне үлкендердің өмірлік тәжірибесін, даналығын, ұлттық мұраларды жеткізуге бағытталған.

"Әжелер мектебі" жоспары

Мақсаты:

- Балаларды ұлттық дәстүрлермен, салттармен және мәдениетпен таныстыру.
- Балалардың патриоттық сезімдерін, үлкендерге құрметін қалыптастыру.
- Ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық тәрбие беру.

Міндеттері:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы балалардың рухани дамуына үлес қосу.
- Әжелердің өмірлік тәжірибесін, өнегесін балаларға жеткізу.
- Балаларға қолөнер, ұлттық тағамдар дайындау, халық ойындарын үйрету.

Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
1. Жоба таныстырылымы (ашылу салтанаты)	"Әжелер мектебінің" басталуын жариялау, жобаның мақсатымен таныстыру	Қыркүйек	Г.Татекова	Балалар, ата-аналар
2. Ұлттық тағамдар күні	Әжелердің қатысуымен қазақтың ұлттық тағамдарын дайындау және олардың тарихын баяндау	Қазан	М.Бультрикова	Балалар, ата-аналар
3. Қолөнер шеберханасы	Балаларды қолөнердің түрлерімен (киіз басу, кесте тігу, тоқу) таныстыру	Қараша	А.Мардазимова	Балалар, ата-аналар
4. "Бабалар мұрасы" әңгімелер сағаты	Ұлттық ертегілер, аңыздар, батырлар жырларын әжелердің айтуы	Желтоқсан	К. Абилдаева	Балалар
5. Халық	Балаларды қазақтың	Қаңтар	А. Киргизбаева	Балалар

ойындары мен билері	ұлттық ойындары мен билерімен таныстыру, үйрету			
6. "Әжелер кеңесі" (Отбасы тәрбиесі туралы)	Отбасылық құндылықтар мен тәрбиелік дәстүрлерді насихаттау	Ақпан	Г. Джасымбекова	Ата-аналар, тәрбиешілер
7. Наурыз мерекесіне дайындық	Наурыз мейрамына ұлттық салт-дәстүрлер бойынша дайындық жұмыстары	Наурыз	М.Бультрикова	Балалар, ата-аналар
8. Шығармашылық көрме	Балалардың және әжелердің қатысуымен қолөнер көрмесін ұйымдастыру	Сәуір	Г.Татекова	Балалар, ата-аналар
9. Қорытынды іс-шара (жабылу салтанаты)	Жыл бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау, әжелерге алғыс білдіру	Мамыр	Ж.Мамыралиева	Балалар, ата-аналар